

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»
Министерство культуры и
информации Республики Казахстан

ҚҰРЫЛЫМ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ

26.02.2025

дата

Алматы қ.

№ ТТТ-02-2025

г. Алматы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ

Ғылыми кеңестің шешімімен

Бекітемін

Төраға

Г. Тасбергенова

2025 жылғы «26» 02 № 8 хаттама



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР СЕКТОРЫ

Дайындады:			
Әлеуметтік жұмыстар секторының басшысы		Қуатханқызы М.	<u>24.02.2025</u>
Келісілді:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Н.Т. Кулданов	<u>26.02.2025</u>
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		А.С. Сарымсақова	<u>26.02.2025</u>
Compliance officer		Г.М. Джагупарова	<u>26.02.2025</u>
Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы		Ж.Ж. Ысқақов	<u>26.02.2025</u>
Персоналмен жұмыс жасау бөлімінің басшысы		Г.Д. Карабалаева	<u>26.02.2025</u>
Заң секторының басшысы		Д.Я. Мамедова	<u>26.02.2025</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. ТАПСЫРМАЛАР	4
3. ФУНКЦИЯЛАР	6
4. ҚҰҚЫҚТАР	6
5. ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	7
6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ	8
7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.....	10
8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	10
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	11
ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ	12

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі — Консерватория) әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын әлеуметтік жұмыстар секторының (бұдан әрі — Сектор) қызметіне қойылатын талаптарды айқындайды және белгілейді.

2. Әлеуметтік жұмыстар секторы Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен құрылады, қайта құрылады және таратылады. Бөлімшені тарату кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қызметкерлердің штатын қысқартудың жалпы ережелері қолданылады.

3. Сектор қызметкерлері (бұдан әрі — менеджерлері) тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша Консерватория ректорының бұйрығы негізінде қызметке тағайындалады және босатылады.

4. Әлеуметтік жұмыстар секторы өз жұмысында құрылымдық бөлімшенің қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысына (бұдан әрі — Басшы) тікелей бағынады.

5. Сектор қызметкерлерінің лауазымдық құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

6. Әлеуметтік жұмыстар секторы қызметкерлерінің штат саны Консерваторияның штат кестесімен айқындалады.

7. Сектор басшысы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ректордың бұйрығымен тағайындалады, сондай-ақ әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысына бағынады.

8. Сектор менеджерлері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Сектор басшысының ұсынуы бойынша ректордың бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады, сондай-ақ тікелей сектор басшысына бағынады.

9. Еңбек демалысы және уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде Сектор басшысының міндеттері Сектор менеджеріне жүктеледі.

10. Сектор жұмысының регламенті ҚР еңбек заңнамасына және еңбек қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалады.

11. Сектор қызметінің негізгі мақсаты Консерватория студенттерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге жәрдемдесу, болашақ мамандардың азаматтық, патриоттық және рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал ету. әлеуметтік осал топтағы студенттерді қолдау, олардың Консерваторияға бейімделуін жеңілдету, медициналық тексеруден өтуіне мүмкіндік жасау, психологиялық мәселелерін шешуге көмектесу, сондай-ақ студенттердің қоғамдық өмірге белсене араласуын ынталандыру арқылы олардың өмірге деген құлшынысын арттыру және әлеуметтік осал топтар мен белсенді студенттерге материалдық қолдау (жеңілдіктер мен әлеуметтік көмек) көрсету болып табылады. Сонымен қатар, студенттердің кәсіби, мәдени және заманауи

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 3 бет

талаптарға сай бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыздандыру.

12. Сектор өз жұмысында басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, яғни кодексте жазылған еңбек қатынастарын реттеудің негіздері, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен міндеттері, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік әріптестік, сондай-ақ еңбек шартын жасасу және бұзу тәртібі бойынша;

3) 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету, оның ішінде жеңілдіктер, жатақханамен қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар, аз қамтылған отбасылардан шыққан және басқа да әлеуметтік осал санаттағы студенттерді қолдау шаралары бойынша;

4) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және онда көрсетілген жоғары оқу орындарының қызметін реттеу, мемлекеттік білім беру стандарттарын белгілеу, сондай-ақ студенттерді қаржыландыру және әлеуметтік қолдау механизмдерін қамтамасыз ету үшін қолдану;

5) 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207-III «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және онда көрсетілген студенттік бастамаларды қолдауға, білім ошағындағы мәдени іс-шараларды дамытуға, студенттердің шығармашылық және ұлттық жобаларға қатысуына, сондай-ақ шетелдік студенттердің бейімделуіне бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыру үшін қолдану;

6) Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым саласындағы әлеуметтік жұмыс, білім, еңбек және мәдениет мәселелерін реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;

7) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023–2027 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары;

8) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің және басқа да жоғары тұрған органдардың нормативтік, ұйымдастырушылық және өкімдік құжаттары;

9) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы;

10) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы республикалық мемлекеттік мекемесінің 2019–2025 жылдарға арналған (үшінші редакция) даму Стратегиясы (бағдарламасы);

11) Консерватория қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;

12) осы Ереже.

2. ТАПСЫРМАЛАР

13. Сектордың негізгі міндеттері:

1) Оқу үдерісі аясында студенттермен әлеуметтік жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 4 бет

- 2) Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан студенттерге, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсету;
- 3) Қиын өмірлік жағдайға тап болған студенттерге әлеуметтік бейімделу мақсатында көмек көрсету;
- 4) Бірінші курс студенттері мен шетелдік студенттердің Консерваторияға оқу мен өмірге сәтті бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар;
- 5) Студенттерге әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша ақпараттық кездесулер мен кеңестер беру;
- 6) Студенттерге жеңілдіктер, жәрдемақылар және стипендиялар алу үшін құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету;
- 7) Студенттердің әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған іс-шаралар;
- 8) Әлеуметтік және волонтерлік жобаларды жүзеге асыратын студенттік бастамаларды қолдау және ұйымдастыру;
- 9) Студенттердің әлеуметтік қолдау және өзге де мәселелерін шешу мақсатында жеке кеңестер өткізу;
- 10) Студенттердің әлеуметтік қолдауға деген қажеттіліктерін есепке алу және талдау, басым бағыттарды анықтау;
- 11) Қаладан тысқары аймақтардан келген студенттерге жатақханадан орын беру үшін өтініштерді қабылдау және өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- 12) Жатақханада тұратын студенттердің дерекқорын жүргізу және оның өзектілігін бақылау;
- 13) Студенттерге психологиялық қолдау көрсетуді және олардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған іс-шараларды ұйымдастыруды бақылау;
- 14) Студенттердің медициналық қызмет алуын, оның ішінде профилактикалық тексерулерден өтуін ұйымдастыру;
- 15) Студенттердің денсаулық жағдайын есепке алу, вакциналау және басқа да медициналық көрсеткіштерін бақылау;
- 16) Әлеуметтік осал топтағы студенттердің университет пен қоғамның белсенді өміріне араласуын қамтамасыз ету;
- 17) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары, әкімшілік құрылымдар және басқа да әлеуметтік бастамалармен өзара әрекеттесу;
- 18) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі студенттерге жеңілдіктер мен әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін шешуге жәрдемдесу;
- 19) 1-4 курс студенттерінің денсаулығын бағалау мақсатында жыл сайынғы медициналық тексерулерді ұйымдастыру және бақылау;
- 20) «ONAY» қоғамдық-әлеуметтік көлік картасын шығару, ұзарту және қалпына келтіру жұмыстарын қадағалау;
- 21) Студенттердің уақытша тұратын жері бойынша тіркеу рәсімдерін ұйымдастыру;
- 22) Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен өзара әрекеттесу және студенттік клубтардың қызметін қолдау;

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 5 бет

23) Ер студенттерді заңнамалық талаптарға сәйкес әскери есепке қоюды ұйымдастыру;

24) Студенттік ID карталарды шығару және белсендіру жұмыстарын ұйымдастыру;

25) Студенттерге материалдық көмек көрсету және марапаттау үшін құжаттарды қабылдау және дайындау;

26) Студенттік билеттерге тапсырыс беру, рәсімдеу және беру;

27) Факультет декандары, кафедра меңгерушілері және кураторлармен әлеуметтік жұмыс мәселелері бойынша қызметті үйлестіру.

3. ФУНКЦИЯЛАР

14. Қойылған міндеттерге сәйкес Секторға мынандай функцияларды орындау жүктелген:

1) Студенттердің әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту және іске асыруды қамтамасыз ету;

2) Әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу және олардың орындалуын бақылау;

3) Студенттерге психологиялық, құқықтық және әлеуметтік кеңес беру қызметтерін ұйымдастыру;

4) Консерваториядағы инклюзивті білім беру процесін жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру;

5) Студенттердің әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында сауалнама жүргізу және талдау жасау;

6) Материалдық көмекке мұқтаж студенттерге қолдау көрсету бойынша іс-шараларды үйлестіру;

7) Әлеуметтік әріптестік пен волонтерлік қызметті дамыту, қоғамдық ұйымдармен байланыс орнату;

8) Студенттердің мәдени және әлеуметтік іс-шараларға белсенді қатысуын ынталандыру;

9) Консерватория әкімшілігіне әлеуметтік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;

10) ЖОО-дағы әлеуметтік қызметтердің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі және сыртқы құрылымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

11) Жетекшілік ететін проректордың келісімі бойынша Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы және жоспардан тыс тексерулеріне қатысу.

4. ҚҰҚЫҚТАР

15. Сектор өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында құқылы:

1) Консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан, факультет декандарынан және кафедра меңгерушілерінен әлеуметтік жұмысқа қатысты қажетті мәліметтерді сұрауға;

2) Әлеуметтік жұмыс секторы мен басқа құрылымдық бөлімшелер дайындаған барлық ішкі нормативтік құжаттарға сараптама жүргізуге және ұсыныстар беруге;

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 6 бет

3) Консерваторияның құрылымдық бөлімшелеріне әлеуметтік қолдау, инклюзивті білім беру және студенттердің әлеуметтік мәселелері бойынша ұсыныстар беруге;

4) Сектордың құзыретіне жататын әлеуметтік жағдайды тексеруді ұйымдастыруға және белгіленген тәртіппен жүргізуге қатысуға;

5) Консерваторияның әлеуметтік мәселелеріне қатысты кеңес алу және қорытындылар дайындау үшін басқа бөлімшелердің мамандарын тартуға;

6) Консерваторияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық дерекқорларын белгіленген тәртіппен пайдалану, жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті әлеуметтік мәліметтер базасын құру;

7) Консерватория бөлімшелерімен сектордың құзыретіне жататын мәселелер бойынша белгіленген талаптар мен тәртіптің орындалуын тексеру және әлеуметтік қызметтердің тиімділігін талап ету;

8) Консерватория ректорына немесе секторға жетекшілік ететін проректорға әлеуметтік жұмыс саласындағы қызметтер мен бөлімшелердің ұйымдастырылуын жетілдіру және тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар енгізуге құқылы.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

16. Сектор қызметкерлерінің осы ережеде көзделген функцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде тиісінше және уақытылы орындауына, сондай-ақ Консерваторияда белгіленген ішкі тәртіп пен еңбек тәртібінің ережелерін сақтауына жауапты болады.

17. Сектор басшысы сектордағы жасалған және/немесе жасалатын жұмыстың сапасы үшін жауапты және осы ережеде жүктелген тапсырмаларды уақытылы орындайды;

18. Басқа қызметкерлердің жауапкершілік дәрежесі лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

19. Әлеуметтік жұмыстар секторының әрбір қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қол жеткізілген ақпараттың сақталуына және жария етілмеуіне толық жауапты болады.

20. Сектор қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі және ішкі нормативтік құжаттама талаптарына, Секторға жүктелген процестер үшін жауапкершілікке қатысты бөлігінде сапалы менеджмент саласындағы міндеттемелердің сақталуына жауапты болады.

21. Сектор басшысы және басқа да қызметкерлер өздері рәсімдейтін құжаттардың дұрыстығына, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігіне дербес жауапты болады.

22. Сектордың барлық қызметкерлері кәсіби қауіпсіздік және денсаулық ережелері мен нормаларын сақтауға міндетті.

23. Әлеуметтік жұмыстар секторының басшысына жеке жауапкершілік жүктеледі:

1) Әлеуметтік жұмыстар секторына жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау бойынша сектор қызметін ұйымдастыру;

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 7 бет

2) Әлеуметтік жұмыстар секторына құжаттарды жедел және сапалы дайындау мен орындауды ұйымдастыру, қолданыстағы ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес іс-қағаздарын жүргізу;

3) Әлеуметтік жұмыстар секторы қызметкерлерінің еңбек тәртібін сақтау;

4) Әлеуметтік жұмыстар секторындағы мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

24. Әлеуметтік жұмыстар секторы консерваторияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды:

Бөлімшенің атауы	Алу	Ұсыну
Ректор	Бұйрықтар	Сұраныстар бойынша ақпарат, қызметтік хаттар, кіріс және шығыс құжаттары және т.б.
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор	Өкімдер, сұраулар, арнайы тапсырмалар	Сұраныстар бойынша ақпарат, жоспарлар бойынша мәліметтер, қызметтік хаттар және т.б.
Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы	Әлеуметтік жұмыстар секторының барлық жұмыстары бойынша сұраулар	Сұраныстар бойынша ақпарат, жоспарлар бойынша мәліметтер, қызметтік хаттар, студенттер туралы ақпараттар, жатақхана мәселесіне байланысты құжаттар және т.б.
Факультет деканаттары	Факультеттердің жылдық жоспары, есептер, әлеуметтік жұмыстарға қатысты арнайы сұраулар	Әлеуметтік жұмыстар жүргізуге қажетті анықталған тізім, факультет студенттеріне арналған ID-карта мен «ONAY» жол жүру карталары және т.б.
Кафедралар	Кафедралардың жылдық жоспары, есептер, әлеуметтік жұмыстарға қатысты арнайы сұраулар	Әлеуметтік жұмыстар жүргізуге қажетті анықталған тізім, кафедра студенттеріне арналған ID-карта мен «ONAY» жол жүру карталары және т.б.
Қаржы-экономикалық қызметі	Әлеуметтік жұмыстар жөніндегі арнайы іс-шараларды қаржыландыру, студенттерді (әлеуметтік осал топтар, ата-ана қамқорлығынан ерте айырылған студенттер, студенттік клуб мүшелері т.с.с.) жеңілдік мәселелері бойынша	Әлеуметтік жұмыстар жөніндегі арнайы іс-шараларды қаржыландыруға өтінім

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 8 бет

	қаржыландыру	
Персоналмен жұмыс жасау бөлімі	Жеке құрам, негізгі қызмет және ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша бұйрықтарды рәсімдеу; Ректор бұйрықтарының көшірмелері; Еңбек шарттары; Қызметкерлердің қазіргі және өткен еңбек қызметі туралы анықтамалар; Құжаттардың көшірмелерін және қызметкердің қолын куәландыру	Сектор қызметіне қажетті ақпарат; Іссапарға шығу, еңбек шарттарын ұзарту және бұзу, өзіндік есептер жазу жөніндегі жұмыс топтарының құрамы туралы қызметтік жазбалар; Еңбек шартын жасасу үшін қажетті қызметкерлердің құжаттары; Жұмыс уақытын есепке алу табелі; Қызметкерлердің демалыс кестесін келісу; Жұмыс орнында жұмыскерлердің дәлелді себептермен болмауы туралы түсіндірме және растайтын құжаттар
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет	Студенттердің оқу үдерісіне қатысты сұраныстар	Әлеуметтік жұмыстар бойынша студенттердің жеке деректері және т.б.
Құжаттармен қамтамасыз ету және мұрағат бөлімі	Шығыс және кіріс құжаттары, Істер номенклатурасы	Қызметтік хаттар, өтініштер; мақсатына қарай әрі қарай өңдеу және жөнелту үшін хаттар мен жеделхаттар; тіркеу үшін басқа ұйымдарға хаттар, архив істері
Концерттік-шығармашылық қызмет бөлімі	Сұраныстар, арнайы деректер	Студенттердің арнайы іс-шараларына қызметтік хаттар, деректер, техникалық райдер
Жатақхана	Жатақханаға қоныстанған студенттердің тізімі	Қызметтік хаттар, бұйрық көшірмелері және т.б.
Ситуациялық мониторинг және IT-қызмет көрсету секторы	Сұраулар мен техникалық тапсырмалардың орындалуы туралы ақпарат. сертификаттардың, хабарландырулардың аудиті бойынша материалдар мен	Кеңсе техникасымен және ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу кезіндегі оқиға бойынша сұраулар; Бөлімнің даму жобалары бойынша ақпараттық кіші жүйелерді

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 9 бет

	нәтижелерді	дайындауға арналған техникалық тапсырмалар
--	-------------	--

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

25. Әлеуметтік жұмыстар секторы қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары сектордың функцияларына қатысты бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда қайта қаралуға жатады.

26. Осы ережеге өзгерістер енгізу талаптарына сәйкес міндетті белгісі бар «Өзгерістерді тіркеу парағында» жүргізіледі.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

27. Осы ережені, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды Консерватория ректоры бекітеді және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

28. Осы ереженің орындалуы міндетті және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы ережеде ескерілмеген жаңа қосымша шығыстардың пайда болуына байланысты өзгертілуі не толықтырылуы мүмкін.

29. Ереженің тармағын орындауда туындайтын өзге де мәселелер Консерваторияның жарғысына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Құрылым туралы ереже	Әлеуметтік жұмыстар секторы
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ	12 беттен 10 бет

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу номері	Тіркеу номері	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан тұлғаның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
	Фатима А. А	Әлеуметтік тәрбие педагогының лауазы мембері	[Signature]	
	Аманжол Н. М.	Старший педагог педагогы	[Signature]	
	Нахшова У. А	Сұмдақияның Мониторинг және IT- Қызмет көрсету секторы	[Signature]	
	Шабринова Д. ?	психолог	[Signature]	
	Неакимова М. Ү	Ғарз	[Signature]	